**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кейбір республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының мәселелері**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 5 наурыздағы N 280 қаулысы

Іргелі зерттеулердің басым бағыттарының ғылыми-техникалық әлеуетін шоғырландыру және елдің әлеуметтік-экономикалық даму міндеттерін шешуде іргелі ғылымның үлесін ұлғайту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындары оларды қосу жолымен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындары (бұдан әрі - Кәсіпорындар) болып қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі құрылатын Кәсіпорындардың мемлекеттік басқару органы болып белгіленсін.

3. Кәсіпорындар қызметінің негізгі мәні ғылым саласындағы өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) құрылатын Кәсіпорындардың жарғыларын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне бекітуге енгізсін;

2) құрылатын Кәсіпорындардың әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. Құрылатын Кәсіпорындарға 2-қосымшаға сәйкес еншілес мемлекеттік кәсіпорындарын құруға рұқсат етілсін.

6. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 5 наурыздағы N 280 қаулысына
1-қосымша

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындарына қосу жолымен қайта ұйымдастырылатын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының Тізбесі**

| Р/с N | 2-бағанда көрсетілген шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындарына қайта ұйымдастырылатын республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындардың атауы | Құрылатын шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың атауы, орналасқан жері |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1. | "А.Б. Бектұров атындағы Химия ғылымдары институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны; "Д.В. Сокольский атындағы Органикалық катализ және электрохимия институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны; "Металлургия және кен байыту институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны; "Физикалық-техникалық институт" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны; | "Химиялық-технологиялық зерттеулер орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны, Алматы қаласы |
| 2. | "Математика институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны; "Информатика және басқару проблемалары институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны; "Ө. А. Жолдасбеков атындағы | "Физикалық-математикалық зерттеулер орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны, Алматы қаласы |

| | | |
|---|---|---|
| | "Механика және машинатану институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны; | |
| 3. | "Ғарыштық зерттеулер институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны; "В.Г. Фесенков атындағы Астрофизика институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны; "Ионосфера институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны | "Астрофизикалық зерттеулер орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны, Алматы қаласы |
| 4. | "Зоология институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны; "Адам және мал физиологиясы институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны; "М.А. Айтхожин атындағы Молекулярлық биология және биохимия институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны; "Ботаника және фитоинтродукция институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны | "Биологиялық зерттеулер орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны, Алматы қаласы |
| 5. | "У.М. Ахмедсафин атындағы Гидрогеология және гидрофизика институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны; "Қ.И. Сәтбаев атындағы Геология ғылымдары институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны; "География институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны; "Сейсмология институты" республикалық мемлекеттік | "Геологиялық-географиялық зерттеулер орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны, Алматы қаласы |

қазыналық кәсіпорны

---

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 5 наурыздағы
N 280 қаулысына
2-қосымша

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жаңадан құрылатын шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындарына құруға рұқсат етілетін еншілес мемлекеттік кәсіпорындарының**
**Тізбесі**

| Р/с N | Құрылатын негізгі республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың атауы | 1-бағанда көрсетілген республикалық мемлекеттік кәсіпорындарға құруға рұқсат етілген еншілес мемлекеттік кәсіпорындардың атауы |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1. | "Химиялық-технология. лық зерттеулер орта. лығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны | "А.Б.Бектұров атындағы Химия ғылымдары институты" еншілес мемлекеттік кәсіпорны; "Д.В.Сокольский атындағы Органикалық катализ және электрохимия институты" еншілес мемлекеттік кәсіпорны; "Металлургия және кен байыту институты" еншілес мемлекеттік кәсіпорны; "Физикалық-техникалық институты" еншілес мемлекеттік кәсіпорны; |
| 2. | "Физикалық-математи. калық зерттеулер орталығы" республи. калық мемлекеттік | "Математика институты" еншілес мемлекет. тік кәсіпорны; "Информатика және басқару проблемалары институты" еншілес мемлекеттік кәсіпорны; |

| | | |
|---|---|---|
| | кәсіпорны | "Ө.А.Жолдасбеков атындағы Механика және машинатану институты" еншілес мемлекеттік кәсіпорны; |
| 3. | "Астрофизикалық зерттеулер орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны | "Ғарыштық зерттеулер институты" еншілес мемлекеттік кәсіпорны; "В.Г.Фесенков атындағы Астрофизика институты" - еншілес мемлекеттік кәсіпорны; "Ионосфера институты" еншілес мемлекеттік кәсіпорны |
| 4. | "Биологиялық зерттеулер орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны | "Зоология институты" еншілес мемлекеттік кәсіпорны; "Адам және мал физиологиясы институты" еншілес мемлекеттік кәсіпорны; "М.А. Айтхожин атындағы Молекулярлық биология және биохимия институты" еншілес мемлекеттік кәсіпорны; "Ботаника және фитоинтродукция институты" еншілес мемлекеттік кәсіпорны |
| 5. | "Геологиялық-географиялық зерттеулер орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны | "У.М.Ахмедсафин атындағы Гидрогеология және гидрофизика институты" еншілес мемлекеттік кәсіпорны; "Қ.И.Сәтбаев атындағы Геология ғылымдары институты" еншілес мемлекеттік кәсіпорны; "География институты" еншілес мемлекеттік кәсіпорны; "Сейсмология институты" еншілес мемлекеттік кәсіпорны |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК